ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 22 сәуір іс №1912-26-00-2/672 Алматы облысы
Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья О.А. Бағжанов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Күрті орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «КП», атынан Евгения Рудольфовна Поверина

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІМ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 223-226, 267-1, 267-4 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Күрті орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «КП», атынан Евгения Рудольфовна Поверинаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «КП», атынан Евгения Рудольфовна Поверинаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «КП», атынан Евгения Рудольфовна Поверинадан мемлекеттік пайдасына 1 287 (бір мың екі жүз сексен жеті)

теңге тұрақсыздық айыбын және 2 202 (екі мың екі жүз екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **О.А. Багжанов**

Құжатқа қол қойылған: Багжанов О. А., 22.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 01.06.2026, судья Егеубеков Е. Е., 07.07.2026

1912-26-3-1/829